

Виктимология латынша *victima* (құрбан) және грекше - *logos* (ілім) деген екі сөзден тұрады, яғни құрбан туралы ілім дегенге келеді. Бірақ осы ілімнің табиғаты туралы ғылымда пікіралуандығы да жоқ емес. Бұл туралы үш түрлі көзқарас

Виктимологияны криминологияның саласы деп есептейтіндер;

Виктимологияны криминологиямен қатар өмір сүретін салааралық ғылым деп санайт

Виктимологияны жалпы барлық құбылыстардың құрбандары туралы ғылым деп санайтындар.

ВИКТИМОЛОГИЯ КЕМ ДЕГЕНДЕ МЫНАНДАЙ

салалардан тұруы әбден ықтимал:

- криминалдық виктимология немесе криминологиядағы виктимология (қылмыс құрбандарын зерттейтін сала);
- психиатриялық виктимология - психикалық ауытқығандарды
- техникалық қауіпсіздік виктимологиясы еңбек қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін т.б.
- саяси жүйе виктимологиясы. Саяси жүйе құрбандарын зерттейді.

Виктимділіктің түсінігі мен түрлері.
Криминологияда *victima* (құрбан) түбірінен тұратын үш түрлі ұғым қолданылады. Олар - **ВИКТИМОЛОГИЯ, ВИКТИМИЗАЦИЯ ЖӘНЕ ВИКТИМДІЛІК**. Оның **ВИКТИМОЛОГИЯСЫ** құрбан туралы ілім екенін айттық, ал **ВИКТИМИЗАЦИЯ** болса, адамның қылмыс құрбанына айналу процесін білдіреді. **Виктимділік** - өзіне тән қасиеттерге не атқаратын қызметіне байланысты тұлғаның қылмыс жәбірленушісіне айналып кету бейімділігі

- негізін қалаушы неміс ғалымы Ганс фон Хенттинг (1948 жылы “Қылмыскер және оның құрбандары” деген еңбек жариялаған). Осыған қарағанда виктимология ілімінің мамандары криминолог ғалымдардың ішінен шығатындығы да заңды да. Бірақ бұл уақытша құбылыс, ғылым бір орында тұрмай оның жинақтаған көзқарастары мен идеялары қордаланып тек қана қылмыс құрбандарымен ғана шектелмей өзге де құбылыстардың құрбандары туралы да жүйелі білім жинақталып, күндердің бір күнінде виктимологияның криминологиядан бөлініп шығу қажеттігі де туындайды

- Ғылым аспаннан түспейді, алдымен оның алғышарты пайда болады, содан соң ол әлі нақты кесіп айтар ережесі жоқ болжал күйіндегі теорияға айналады, содан соң ілімге, содан соң нақты бұлтартпас ережелері бар ғылым саласына айналады. Виктимология да осы жолдан заңды түрде жүріп келе жатыр. Түптің түбінде, өз алдына бөлек ғылым болатыны аян. Сол кездерде виктимология кем дегенде мынандай салалардан тұруы әбден ықтимал:

- Виктимологияның зерттеулерге орай қылмыс оқиғаларының 29%-нде жәбірленуші қылмыстық әрекетке өзі ықпал еткен. Неміс ғалымдарының жүргізген зерттеулері бойынша кісі өлтіру оқиғалары бойынша қылмыскер мен жәбірленушінің арасында субъектілік-объектілік қатынастар 80%-нде, ал денсаулыққа зиян келтіру мен зорлау қылмыстары бойынша 70%-нде тән болған. Ал қарақшылық жасау әрекеттері бойынша мұншалықты жоғары көрсеткіш тән емес, әдетте олардың жәбірленушісі бейтаныс адамдар болады.

- АҚШ-тың зорлықшыл қылмыстардың себептері мен олардың алдын алу жөніндегі Ұлттық комиссияның мәлімдеуінше тек әйел жынысты адамды зорлау қылмыстарының 4%-нде ғана жәбірленуші өзі қылмысқа үлес қосқан. Вайстың айтуы бойынша және осы нәтиженің неміс полиция органдарында бірнеше мәрте расталғанындай зорлау қылмысы бойынша 35-56%-нде қылмыскер мен жәбірленуші қандай да бір қатынаста болған.